



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. АРБИТРАЖ ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ. 2-БӨЛІМ

Соттың уақытша тоқтату бойынша
көмегі (активтерді уақытша
қозғалыссыз қалдыру) (1-бөлім)



Жоспар:

КІРІСПЕ

Сот тыйым салуларын қолданып уақытша тоқтата тұрудың сипаты

Сот тыйым салуларын қолданып уақытша тоқтата тұруды қамтамасыз етудің критерийлері

Сот тыйым салуларын қолданып уақытша тоқтата тұруды қамтамасыз етумен байланысты қиындықтар

Өндірістік шаралар

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

КІРІСПЕ

Қорғау көмегі туралы ордерлер талап қоюшының қызығушылығын қорғау мақсатында шығарылады. Мұндай соттың қорғау құралы екі нысанда жасалуы мүмкін:

1. Жауапкердің активтерін уақытша тоқтата тұру (сот тыйым салулары, бұрынғы «Mareva» сот тыйым салулары);
2. Айғақтарды алу мен сақтау туралы ордерлер (азаматтық тінту туралы шешімдер, бұрынғы «Anton Piller қаулылары»). Төлкұжатты азаматтық ордер арқылы алу.

Сот тыйым салулары материалдық әділеттілікке нұқсан келтіретін шамадан тыс обструкционистік әдістерге төтеп беру үшін сот өндірісі барысында енгізіледі, олар келесі нысанда жүзеге асырылады:

- активтерді тарату;
- айғақтарды құрту;
- құқықтық күзіреттен жеке кету.

Тыйым салу мен азаматтық тінтуден босату туралы ордерлер көп жағдайда негізгі талқылау болғанға дейін қолданылады және олар әрқашан жауапкерге «ескертусіз» жасалады (бұрынғы терминология бойынша айтатын болсақ, «ex parte» түрінде ұсынылады).

Бұл ордерлерге негіз болатын сот тыйым салуларын шығару туралы жалпы заң күші бар құзырет, яғни ордерлер шығару күшті қорқыныш тудыруға негізделген. Бұл заңды құзырет сот шығармашылығының негізгі дерек көздерінің бірі. Аталған құқықтық қорғаудың әмбебап құралы көптеген теріс қылық түрлерінен, соның ішінде азаматтық өндіріске зиян келтіріп, оны тоқтату қаупін тудыратын жағдайлардан қорғау үшін жасалады.

1. СОТ ТЫЙЫМ САЛУЛАРЫН ҚОЛДАНЫП УАҚЫТША ТОҚТАТА ТҰРУДЫҢ СИПАТЫ

Сот тыйым салуларымен уақытша тоқтата тұру дегеніміз — өз активтерін респондеттің қолдануынан алшақтатуды қажет ететін соттың жеке ордері (жауапкерге жеке жіберілген шешім).

Бұл көмек мәлімдеушіге жауапкердің мүлктік активтеріне қол сұғу құқығын бермейді. Жеке тыйым салу ордерін қолдану арқылы сот көмегін беру көп істерде қолданылғанын байқауға болады. Kastner қарсы тарап Jason (2004) ісі бойынша апелляциялық сот арбитраж аясындағы уақытша тоқтата тұру көмегі туралы ордерді атап өтті (арбитраждық сот тыйым салу туралы операцияға сәйкес сот талқылауы барысында мүлікті жинаушы немесе кепіл алушы немесе өзге де активтерге қатысты анти-диссипативтік шешім таралатын мүлікке құқықтық иелік етуші тұлға ретінде қарастырыла алмайтындығы туралы сот ордерін шығарды).

Бұдан шығатын қорытынды арбитраждық соттың мүлкін алу немесе анти-диссипация туралы ордерінің негізі болған жерге қатысты тиімді алдын-алу шараларын кредит беруші тіркей алмаған.

Мұндай ағылшындық тәсілдің негізі кредит беруші жауапкердің активтеріне үстемдік алуға талпынуы кезінде белгілі бір құқықтарға ие болмауымен түсіндіріледі. Бұл мүлктік басымдылық *pari passu* қағидасын бұзады, яғни қауқарсыздық туралы заңға қайшы (сақтандырылмаған кредит берушілер пропорционалды түрде мүмкіндігі жоқ жауапкердің активтерін оның дәлелденген талап қою құнына қарай саралауы керек).

Соттың уақытша тоқтату бойынша көмегі нысанындағы жеке операциялар — кредит берушіге басымдықтар беру туралы талаптарды бейнелейді, егер:

- ол алдын-ала жауапкердің төлеу міндетіне қатысты қайсыбір қамтамасыз ету нысанын алған кезде



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Соттың уақытша тоқтату бойынша көмегі (активтерді уақытша қозғалыссыз қалдыру) (1-бөлім)

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

(мысалы, ипотека немесе мүлік ауырпалығы);

- кредит беруші жауапкерге қатысты оның мүлкін алу туралы сот ордерін алуымен байланысты болса (әдетте, мұндай жаза туралы қаулы жауапкердің жылжымайтын мүлкіне қатысты жасалады).

Соттың уақытша тоқтату бойынша көмегі — жауапкердің активтеріне қатысты ордер мүлдітік құқықтың негізі болып табылмайды.

Withers LLP қарсы тарап Rybak (2012) ісінде апелляциялық соттың қаулысына сай, егер бұл ақша қорғаушының есептік шотына активтерді қорғау мақсатында жіберілген болса, жауапкердің қорғаушысы ол ақшаны (клиенті үшін өз жұмысының төлемін қамтамасыз ету үшін) кепілдік құқығы бойынша қорғай алмайды. Ақша мәлімдеушінің қарызын төлеу үшін түсірілген сумма есебінде қала береді. Сондай-ақ ақша қорғаушының кепілдігіне айналмауы қажет.

Ағылшындық сот уақытша тоқтата тұруы бойынша тыйым салуын, әдетте, жауапкердің банктік есебіндегі активтерге қатысты қолданады.

Активтердің қорғалған суммадан басым болатын бір бөлігі «қолданысқа жарамды» болуы ордермен қарастырылады. Ол сонымен қатар тараптар болып табылмайтын жауапкердің банкі секілді тарапқа негізгі уақытша тоқтата тұру тәртібін бұзуға тыйым салады.

Бұрын Mareva сот тыйым салулары деп аталған, сот тыйым салулары әдетте Үлкен соттың судьяларымен (Masters) немесе округтік соттың соттарымен немесе, Жоғарғы соттың қатардағы соттарымен ғана шығарыла алады. Бұл олардың жоғары күшке ие болуымен байланысты.

Сот тыйым салуларын тоқтата тұрудан босатудың ерекшелігін келесі ақпараттан айқын байқауға болады:

1) Талап қоюдың себебі нақты шешімнің пәні болып табылмағанына қарамастан, бұйрық респонденттерге өз қаржыларын қолдануына рұқсат бермейді; даулы мәселенің бар болуы ғана маңызды; және бұл бұйрық әдетте респонденттерден барлық активтердің орналасқан жерін, құнын және сипатын ашуды талап етумен байланысты активтерді ашу қаулысымен бірге жүреді;

2) Кейде көмек (тоқтата тұру мен ашу ордері) жаһандық көлемдегі активтерге қатысты қолданылады;

3) Ордер респондентке алдын-ала ескертусіз жүзеге асырылады («ескертусіз» немесе *ex parte*); оның негізі – кенеттен жүзеге асыратын өнідірстік қауіпте; ордердің артықшылығы тараптарды тыңдау барысындағы талқылауда; сот өндіріс тәртібін жалғастыру туралы шешім қабылдайды;

4) Көмек әдетте талқылау басталғанға дейін ұсынылады (немесе тиісті талқылау басқа сот күзіретінде жүзеге асырылған жағдайда да); әдеттегі нысанды АСЕ Практикалық нұсқаулығы қосымшасынан қарауға болады (25 А), 25 Бөлім;

5) Ордерді орындауға қажетті және қолайсыз барлық тиісті факторларды қатыспайтын респонденттің өкіліне, мәлімдеуші мен оның адвокатына активтерді ашу үмкіндігі беріледі. Олардың қатарында осы негізгі босату нысанында қолданылатын әртүрлі алдын-алу шаралары мен негізгі қағидалар кіреді (21.15 және т.б.), әсіресе, мәлімдеушінің жауапкермен тоғыспалы міндеткерлік кезінде ордер қате жасалғаны дәлелденген жағдайда, жауапкерді босату қажет (21.16).

Жоғарғы сотта қаралған *Re Guardian News & Media Ltd* (2010) ісінде, үкіметтің сұрауы бойынша 11 статут антитеррористік заңға сай сот тыйым салуына рұқсат береді. Бұл жағдайда сот (төменгі инстанциядағы соттармен ұсынылған) осындай көмекке жататын, Лондонда тұратын мүмкін болатын террористерді анонимділер қатарынан шығарады.

2. СОТ ТЫЙЫМ САЛУЛАРЫН ҚОЛДАНЫП УАҚЫТША ТОҚТАТА ТҰРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Сот тыйым салуларын қолданудың белгілері:

1) Мәлімдеуші шығындарды өтеуге құқығы бар екендігін көрсететін көлемді айғақты мәлімдемелер немесе өзге де босатуға негіз болатын дәлелдер ұсынуы қажет. Бұл төменгі ғана талап болып табылады. *Fourie* қарсы тарап *Le Roux* (2007 ж.) істе Лордтар палатасы төмендегідей қаулы шығарды, сот тыйым салуы заңды күші жоқ заңға сәйкес шығарылған, себебі мәлімдеуші наразылықта өзінің материалдық шығын сипатын көрсетуге тырыспаған. Төменгі инстанция соттарының шығындарды өтеу туралы шешімі құқық бұзушылыққа жатпайды (18.23 «шығындарды өтеу» туралы заңды қара).



2) Сот сонымен қатар, талап қоюға қатысты негіздеме толыққанды, яғни борышкерлік немесе борыштық міндеттеме бұзылғандығына көз жеткізуі қажет. Мұндай міндеткерлікті алдын-ала болжап білу мүмкін емес.

3) Жауапкердің активтеріне сот уақытша тоқтата тұру туралы ордері шығарылмаса, жауапкер активтері жойылады немесе таратылады деген шынайы қауіп болуы қажет, яғни активтерге қатысты қауіп бар екендігі туралы сенімді әрі нақты дәлелдер болуы керек. «Тарату» деп – мүліктен бас тарту немесе оған иелік етумен байланысты кез-келген әрекетті таныған жөн, ал әдеттегі шығармашылық барысында жасалатын кінәсіз келісім-шарттар тарату болып табылмайды. Күтілетін таратулардың барлығы сипаты бойынша қасақана жасау міндетті емес: дегенмен сот тыйым салу туралы шешім шығарылмаған жағдайда мәлімдеушінің нақты шешімі қанағаттанарсыз күйде қалатындығына сенімді болуы керек (UCB Home Loans Corporation (2011) ісіндегі тарату қауіпі туралы шешімді қара, 21.14).

4) Сот тыйым салуын алмайынша мәлімдеуші талап қоюы қанағатсыз қалатындығы жөнінде көз жеткізуі қажет. Сот мәлімдеушінің бұл қауіптен тиісті түрде қорғалғандығы жөнінде мүмкіндігі бар екендігін ескереді.

5) Сот тыйым салуы фактілерге жауап ретінде жасалған қажетті әрі әділетті болуы керек: «Сот бұйрықты орындау кезінде жауапкерге келуі мүмкін кез-келген келтірілген шығын тоғысу міндеткерлігі ретінде өтелетіндігіне көз жеткізуі қажет немесе бұйрық орындалмаған жағдайда өтелмеген шығындар қауіпі мәлімдеушіге қатысты әділетсіз жасалған қауіптен басым болатындығына сенімді болуы керек.

6) Фактілер анықталғаннан кейін көмек көрсетуде қандайда бір кідіру болмауы қажет; мұндай кідіру шаралары соттың бағалауына әсер етуі мүмкін, яғни бұйрық әділ әрі тең құқықтық жағдайда жасалғанына күмән келтіреді; бұл сондай-ақ нақты тарату қауіпі бар мәселесіне қатысы бар болумен да байланысты; және кідіру респондентте қате түсінік тудыруы мүмкін (дегенмен бұл соңғы фактор мәлімдеменің ex parte сипатын ескере отырып жиі туындамауы керек).

3. СОТ ТЫЙЫМ САЛУЛАРЫН ҚОЛДАНЫП УАҚЫТША ТОҚТАТА ТҰРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚИЫНДЫҚТАР

UCB Home Loans Corporation v. Green (2011) істе тарату қауіпі көрсетілмеген, Судья Arnold есептеуінше, тыйым салу келесі факторлармен түсіндіреді:

Екі жауапкер, олардың бірі заң фирмасында аға серіктес болып жұмыс жасайды. Соған қатысты Заң Қауымдастығында сот талқылауы жүрді, олар жылжымайтын мүлік портфеліне қатысты қамтамасыз етілген кредит алған. Талап қоюшының кредиторы жауапкерге қатысты шешім алған. Мәлімдеуші өз қызығушылығын қорғау мақсатында уақытша тоқтата тұру жолдарын қарастырды. Жауапкерлер бұл мәлімдемені тарату қауіпі болуы мүмкін емес екендігін алдыға тартып жоққа шығарған.

Сот жалғандық сипатын есепке ала отырып, сондай-ақ жауапкерлер өздерінің кәсіби жауапкерлігін сақтандыруларын жоғалтқанын және Заңгерлер Қауымдастығында тергеудің басталғандығын ескеріп мұндай көмек негізделген деген қаулы шығарды (бұл істің басқа қырлары үшін, 17.13).

Жауапкер қорғауы: бір жақты тәртіптегі тыңдау барысында сот пен мәлімдеушінің міндеті: сот аса сақ болуы керек. Сондай-ақ мәлімдеуші сотқа мүмкін болатын барлық болжамдар мен фактілер туралы хабардар етуі тиіс. Соттың тыйым салуына ешқандай маңызы жоқ мәліметтерді қоспағанда, барлық айғақтар мен мәліметтерді хабарламау, әдетте сот тыйым салуын жоққа шығарады.

4. ӨНДІРІСТІК ШАРАЛАР

Жауапкер мен сотқа қатысушы емес тұлғалардың мүмкін болатын шығындарын өтеу. Сот тыйым салуына қатысты қалыпты ережеге сай, егер сот тыйым салуы қате жасалған кезде, мәлімдеушіден жауапкердің шығындарын өтеуді сот талап етеді. Қалыпты жағдайда ол «жауапкерге» келтірілген шығындарды өтеумен шектеледі, дегенмен бұйрықты орындаумен байланысты қатысушы тараптарға қатысты емес «ақылға қонымды шығындар» мен залалдар, қосымша міндеттер құрылымында нақты көрсетіледі, демек сот мәлімдеушіге тыйым салудан босатумен байланысты шығындарды өтеу туралы бұйрық шығара алады.

Мәлімдеушінің әрі қарайғы өндірістік әрекеттері:

- Егер негізгі талқылау әлі басталмаған немесе басқа сот күзіретінде қаралып жатқан болса,



мәлімдеуші тез арада талап қоюды рәсімдеп беруі қажет.

- Өзге талап етудің мәні, мәлімдеуші «өзара сайыскерлік қарау» (inter partes review) үшін сотқа оралуы керектігімен түсіндіріледі.
- Кейін сот (жауапкердің қатысуымен) сот тыйым салуын жалғастыру жөнінде шешім шығарады. Жауапкер сот тыйым салуын соттан «өзгерту немесе жою туралы сұрауға» құқылы.

Активтерді ашу тәртібі:

1. Тыйым салу әрқашан активтерді ашу ордерімен толықтырылады. Ордер респондентті Англиядағы (немесе өзге жерде орналасқан) өзінің мүлкі туралы егжей-тегжейлі ақпаратты беруге міндеттейді. Мұндай ақпаратты анықтау респонденттен тоғыспалы жауап алу барысында анықталады және тек осы өндіріс мақсатындағы активтерге тыйым салуға қатысты ғана қолданыла алады.
2. Бейтарап тұлға жауапкердің құқық бұзушылығына кінәсіз көмек көрсеткені анықталса, ол белгілі бір ақпараттарды беруге міндетті болады.
3. Егер жауапкер немесе өзге тұлға активтерді ашу туралы (соның ішінде толық емес көлемде) ордерді орындамаған жағдайда, сотқа құрмет көрсетпегені үшін жазалануы мүмкін. Мысал ретінде JSC BTA Bank қарсы тарап Solodchenko (№ 2) (2011 ж) ісін айтуға болады.

Жауапкер тарапынан құрмет көрсетпеу.

Респондент сот тыйым салуын бұзған болып тіпті алдын-ала сотқа бағынбауымен байланысты емес құқық бұзушылық болған жағдайда немесе тек өрескел қылық пен ұзақ уақыттық салақтықпен байланысты болса да сотқа құрмет көрсетпеу болып саналады (17.27 және әрі қарай). Мысалы, егер компания немесе өзге де күрделі орган сот бұйрығының орындалуын лауазымды тұлғаларының немесе өзге де қызметкерлері мен агенттерінің орындауын қамтамасыз ете алмаған жағдайда.

Егер оның құқық бұзушылығы тереңдей берсе («шамасы жоқ»), оған айыппұл салынуы, абақтыға жабылуы немесе активтеріне тыйым салынуы мүмкін (17.37 және ары қарай). Мысалы АО «JSC BTA Bank қарсы тарап Solodchenko» (№ 2) (2011 ж.: 17,38) ісіндегі абақтыға жабу; және әрі қарай JSC BTA Bank қарсы тарап Solodchenko (№ 3) (2011) ісінде судья Henderson қашқынды анықтап, оны абақтыға жабу үшін өз клиентінің байланыс деректерін анықтау бұйрығын заңды күші бар деп таниды; дегенмен судья Henderson әрі қарай әрекет етуден бас тартады. Ол адвокаттан заң кеңесін алу мақсатындағы клиентпен хабарланған ақпаратты білу мақсатындағы мәлімдеушінің адвокатқа қатысты активтер туралы толық ақпаратты ашу туралы өтінішхатын қанағаттандырудан бас тартады. «BTA Bank қарсы тарап Aplyazov» (2011) ісінде апелляциялық сот өндіріс барысында сотқа құрмет көрсетпеу емес талқылау маңызды екендігін атап өтіп, оны бұзу тыйым салу шарасының тиімділігі төмендететінін жеткізді.

Өндіріске қатысушы емес тараптар:

- 1) Әдетте жауапкердің банкі жауапкер уақытша тоқтата тұру бойынша сот тыйым салуын алмай тұрып, оны хабардар етеді.
- 2) Хабарландыруды алғаннан кейін жауапкердің банкі, тіпті егер ол тараптар қатарында болмаса да сотқа құрмет көрсетпегені үшін айыппұл төлеуі мүмкін (мысалы, сотқа төлеуге міндетті айыппұлдар), егер тарап сот тыйым салуының тиімділігіне «саналы түрде» болмаса да тоқсауыл келтірсе.
- 3) Бұл сатыда қатысушы емес тарап өз клиентінің чектері мен нұсқаулықтарын орындауға міндетті болмайды, егер мұндай келісім-шарттар заңмен рұқсат берілген кездерді қоспаған жағдайда.
- 4) Тараптар қатарына жатпайтын тұлға сот тыйым салуын жүзеге асыру кезінде шығындарға ұшыраған жағдайда мәлімдеушіден келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге құқылы.

Дегенмен, салақтық салдарынан талапты орындамаған банк мәлімдеушіге өтемақы төлеуге міндетті болып табылмайды. Бұл банктің мәлімдеуші алдында зиян келтіретін міндеттердің болмағандығымен түсіндіріледі: олар Лордтар палатасының «Customs & Excise Commissioners қарсы тарап Barclays Bank plc» (2006) ісінде айтылғандай, таныс емес тараптар ретінде қала береді. Бұл жағдайды лорд Bingham алғашында былай түсіндіреді «ешбір тарап сот талқылауына өз қарсыластарымен түспеуі қажет». Сондықтан, оның сөзінде жауапкер мен мәлімдеуші арасындағы наразылықта жауапкершіліктен «қашқан» банк тараптар ретінде қаралмайды, солай бола тұра ол мәлімдеуші алдында жауапкершілікте болмайды. Кейін аталған мәселе бойынша ол өз ойын толықтыра түсті: «іске қатысты емес тарап – банк тарапынан



жасалған жауапкердің жауапкершіліктен қашуына мүмкіндік беретін абайсыз әрекеті, мәлімдеушіге зиян келтіруі заңды құбылыс, себебі ол жауапкерге қызмет көрсетуге міндетті.

Үшінші тарапты іске араластыруына мәлімдеушінің талап қоюында тікелей себептің болмауына байланысты тыйым салуды тоқтату шаралары: Соттар келесі жайттарды ажырата білуі тиіс:

- Жауапкерге қарсы талап қою құқығы («CAD», талап қою негіздемесі (жауапкерге),
- Аталған жауапкерге қарсы ерекше көмек ұсынуға қандайда бір заңды негіздеме («NCAD», жауапкер талап қою себепшісі болып табылмайды).

«Linsen International Ltd» қарсы тарап «Humpuss Sea Transport PTE Ltd» (2011 ж.) ісінде үшінші тарап (жаңадан мақсатталған) пен мәлімдеушіге қарсы талап қою фактілері белгілі бір себептерді анықтаған жоқ. Өтініш беруші бірінші және екінші жауапкерге қатысты жеңілдетілген тыйым салуға қол жеткізді (Англияда 1996 жылғы Арбитраж туралы заңның тиісті бөлімінде көрсетілген, арбитраждық шешімді орындауды қолдау үшін). Кейін мәлімдеуші бірінші және үшінші жауапкерлер арасында активтерді берудің жүзеге асырылғанын байқайды. Мәлімдеуші бірінші жауапкер компаниясында болған үшінші жауапкерге қатысты дүние жүзі бойынша сот тыйым салуы туралы қосымша өтінішхатты береді. Дегенмен бұл өтінішхат қанағаттандырылған жоқ.

Кей жағдайда сотқа талап қоюшының тікелей әрекет етуге негіздемесі жоқ үшінші тараптан талап ету құқығына ие болуы үшін тыйым салу туралы қаулының күшін кеңейту мақсатты болып табылады, бұл үшінші тараптың сот тыйым салуына қандайда бір жауап беруге ықпал етуімен байланысты (кейін үшінші тарапқа көрсетілетін тиісті көмек, активтер туралы ақпаратты анықтау мен оларға басшылық жасауды үйлестіруі мүмкін). Бұндай жағдайда үшінші тарап мақсатты түрде жауапкерлердің бірі ретінде іске қосылып тікелей бұйрықты жүзеге асыруға міндетті тұлға ретінде қарастырылады. Судья Gloster Parbulk II AS қарсы тарап PT Humpuss Intermoda Transportasi TBK (2011) ісінде өз позициясын келесі негізде түсіндіреді:

Заңды құзыреттіліктің болуы «Сот шешімі бойынша жауапкерге / борышкерге» (яғни, іс бойынша жауапкер) («CAD») қатысты талап қоюшының борышы немесе өзге де дебиторлық қарызы бар талабы бойынша тыйым салу қаулысын енгізу мақсатты болып табылады, нәтижесінде үшінші тарап NCAD [талап қою негіздемесі жоқ үшінші тарап], немесе үшінші тарапқа қарсы NCAD талап қою немесе мүмкін болатын талап қоюда ағылшын сотының құзыреті бар... CAD немесе жауапкер қойған талапқа дейін NCAD өз активтерін борыш суммасына немесе талапқа дейін таратпауына жол бермеу үшін тиісті жағдайлар орын алғанда үшінші тарап NCAD қарсы уақытша тоқтату тұру бойынша тыйым салу ордерін шығаруға құқылы.

Заңды құзыреттілік сипаты

«Мұндай қаулы талап қоюшының құқығын немесе шартты құқығын қорғау болып табылады (бұл үшінші тараптың борышкерлік ордері, мұндай ордерді шығару, алушы немесе таратушыны тағайындау туралы талап ету ордері және т.б.), сот ордері бойынша жауапкерге қатысты үшінші тараптан алынған түсімдерінен немесе өзге де табыстарынан немесе түсімнен өз борышын алу мақсатында жүзеге асырылады. Сот үшінші тарапқа қатысты мұндай қаулы шығаратыны немесе шығармайтыны іске қатысты нақты жағдайларға байланысты соттың қалауы бойынша жүзеге асырылады».

Жауап (1):

Әдетте үшінші тарап әрекетінің заңдылығына ешқандай күмән болмаса, мәселен, жауапкерге үшінші тарапқа белгілі бір ақшаны шотқа аудару туралы бұйрық беріп, дебиторлық қарызды жинауына тыйым салу жеткілікті болып табылады.

Жауап (2):

Басқа жағдайларда аралық кезеңде қабылдаушыға дебиторлық қарызды тағайындау мақсатты болып табылады (қабылдаушы оны алып сотқа төлеуге немесе есептеу шотына, немесе өзге де жолмен дебиторлық қарызды сақтауына, сот шығынын өтеуі үшін үшінші тарапқа талап қоюына болады).

Жауап (3):

«Егер, мәселен жағдай алдын-ала сөз байласуды, немесе тиісті емес әрекетті немесе өзге үшінші



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім

Дәріс: Соттың уақытша тоқтату бойынша көмегі (активтерді уақытша қозғалыссыз қалдыру) (1-бөлім)

Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

тараптың жауапкердің әрекетіне қатысты қатысушылығын көрсетсе /сот шешімі бойынша борышкер өзінің қатыстылығы жоқ екенін дәлелдеуге құқылы/, бұл үшінші тарапқа қарсы тыйым салу туралы қаулыны мақсатты түрде шығаруға негіз болады... мұндай бұйрық ешқандай «корпоративтік жүйеге жауапкершілікті таратуды» көздемейді, немесе... ағылшын құқығына қандайда бір маңызды жаңашылдықты енгізу болып табылмайды.

Бірлескен жауапкерлер: Қамтылған активтер көлемі: NCAD қатысты санаттар аясында мақсатты түрде уақытша тоқтата тұру бойынша жеңілдіктер беру дәлелденген болғанына қарамастан, тиісті жауапкер соттың құзыретіне бағынады (себебі ағылшын тілінде өткен сот талқылауына бұрын қатысу). Судья Gloster Parbulk (2011) ісінде қаулы етті, жауапкер шетелдік компания болғандықтан және оның шығармашылығы ағылшын заң құзыретінен тыс жерде жүргізіліп жатқандықтан, сот тыйым салуы заң құзыреті аясындағы тек активтермен ғана шектелуі қажет.

Активтермен өтеу: тиімді жағдайда орналасқан активтер: JSC BTA Bank қарсы тарап Solodchenko (2010) ісінде апелляциялық сот қаулысына сай, Адмиралтейства мен Коммерциялық сот нұсқаулығында қамтылған тыйым салу тәртібінің қалыпты нысаны Жоғары Соттың басқа салалары пайдаланатын стандартты формаға қарағанда кеңірек. Егер респонденттің тек активтер иесі деген формальды аты ғана болып, оның істе айтарлықтай қызығушылығы болмаған жағдайда, яғни жауапкер тек өкілдік тұлға немесе үшінші тұлға активтерінің номиналды иесі болғанына қарамастан ол Коммерциялық соттың Басқару нұсқаулығы бойынша айрықша қарастырылады. Сот бұл үйлесімділіктің болмауын Жоғарғы соттың әртүрлі стандартынан алып тастауды ұсынды. Ол сонымен қатар егер жауапкер өзгелерге сенімді адал тұлға әрекет етіп, өзгеше әрекет жасағандығы жөнінде нақты күмән келтіретін негізді күдік болмаған жағдайда Коммерциялық соттың кең нысандағы нұсқаулығын қолданудың алдын-алуға шақырды.

Solodchenko (2010) ісі бойынша судья Patten төмендегідей тұжырым жасады:

«(1)... Осылайша, сенім білдірген активтерді алу егер жауапкер немесе үшінші тұлға (немесе активтері уақытша тоқтата тұрған өзге тұлға) басшылығындағы сенім білдіріп тапсырылған активтер, іс жүзінде оған тиесілі болған жағдайда ғана негізді. Аталған жағдайлар болмаса, үшінші тарапқа тиімді тиесілі жауапкердің мүлкі болып табылмайтын активтерді ордерге қосуға қажетті негіз жоқ.

(2) Судьяға осы нысандағы сот тыйым салуын беруді сұраған жағдайда, ол ордерге шынайы сенім білдірілген үшінші тұлғалар бенефициарларына оның әсерін азайтуға тырысуы керек. Бұл жауапкердің немесе бенефициардың мәлімдемесі бойынша бірлескен кәсіпорын нысандары активін белсенді түрде қарастыру немесе бұйрықты өзгерту бойынша кез-келген мүлдік құқықтар мәселелерін шешуде жылдамдықты талап етеді. Әдетте, бұл сот тыйым салуынан түрде тоғыспалы міндеткерлікті [тараптарға өтемақыны беру туралы болжамды уәдесі] созу мақсатында, сеніп тапсырылған активтерге қатысты орындалған немесе ықпал еткен бенефициардың мүмкін болатын кез-келген шығынын өтеуге қатысты.

Активтермен өтеу: Шетелдік активтер: «Бүкіл әлемде» активтерді уақытша тоқтату бойынша тыйым салу қалыпты құбылыс. Мәлімдеуші тиісті шетелдік активтерге қатысты жеке ордерді немесе жауапкердің осындай активтеріне қатысты ақпаратты беруді міндеттейтін ақпаратты ашу туралы ордерді ала алады. Уақытша тоқтата тұру бойынша тыйым салуға қарағанда, ақпаратты ашу туралы «бүкіл әлемдік» тәртіптің тәжірибелік және тактикалық маңызы бар. Бұл тыйым салу тек «шектеу операциясы» ғана болып табылатынын және осы арқылы талап қоюшы тиісті шетелдік сотқа (соттарға) қосымша немесе тиісті көмек алуына мүмкіндік беретін уақыт берумен түсіндіріледі. Trevor Hartley уақытша тоқтата тұру бойынша сот тыйым салуларының активтерге ықпалын Англия мен Уэльстен тыс орналасқан тұлғаларға ақпарат болып табылады тұжырым жасады.

Қолданылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Кудрявцева Е.В. Гражданское судопроизводство Англии. - М.: Издательский дом «Городец», 2008.
2. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / Пер. с англ.; Под ред. Р.М. Ходыкина. М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
3. Andrews N. Andrews on Civil Processes. Vol. I. Intersentia, 2013.